

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Әне-міне дегенше, Жаңа жыл табалдырықтан аттағалы тұр. Ұстатпайтын, тіпті бір сәт тоқтама алмайтын уақыт тек естеліктермен бағалы. Өтіп бара жатқан жыл Сыр өңірі үшін жетістікке толы жыл болды. Жылжабар нөмірде ел есінде қалған оқиғаларға шолу жасағанды жөн көрдік.

● ЖЫЛ МӘРТЕБЕСІ

Сыр еліне серпін берген сапар

Сырбойлықтар үшін ел Президентінің өңірге жұмыс сапарымен келуі 2025 жыл еншісіндегі ұмытылмас оқиғаның бірі. Мемлекет басшысы келіп, Қызылорда облысында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға оң бағасын берді. Президенттің бұл сапары – аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына көрсетілген жоғары сенімнің көрінісі.



Іс-сапар барысында Мемлекет басшысы Сыр өңірінде Президенттік кітапхана салу жоспарда бар екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қазіргі таңда Астана мен Алматы қалаларында тәулік бойы қызмет көрсететін екі Президенттік кітапхана бой көтерді. Осындай заманауи мәдени-білім ошақтарының бірі алдағы уақытта Қызылорда қаласында да ашылуы мүмкін.



– Астана мен Алматыда тәулік бойы ашық болатын Президенттік кітапханалар салынып жатыр. Олар – жаңа буынның білім мен мәдениетке қолжетімділігін арттыруға арналған заманауи орталықтар. Болашақта осындай үшінші кітапхана Қызылорда қаласында ашылуы мүмкін, – деді Мемлекет басшысы.

Аталған бастама Сыр өңірінің рухани әлеуетін арттырып қана қоймай, жастардың білімге, кітап оқуға деген қызығушылығын күшейтуге серпін беретін маңызды қадам болмақ. Сонымен қатар Президенттік кітапхананың ашылуы Сыр елі үшін үлкен мәртебе болмақ.

● ЖЫЛ МЕРЕЙІ

Сыр елінің мәртебесін биіктеткен ғасыр тойы

Өтіп бара жатқан жыл тарихымызды түгендеумен есте қалды. Қызылорда қаласының ел астанасы атанғанына 100 жыл толуына орай Сырдың бас шаһарында мазмұнды іс-шаралар өтті. Бұл жас буынға ел тарихын, туған жер топырағының қасиетін танытуға септігін тигізгені анық.

Ғасыр мерейтойында ғылыми конференция өтіп, қала тарихына қатысты қаншама ғылыми еңбектер жазылып, тарихи кітаптар жарық көрді. Баға жетпес тарихи мұралар қайта жаңғырды. Қызылорда астана болған жылдары Сыр топырағында қызмет еткен ұлт зиялылары Ахмет Байтұрсынұлының, Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллиннің, Сәбит Мұқанұлының төте жазумен жазған еңбектерін кирилицаға аударып қалың оқырманға жеткізуде жергілікті ғалымдар тер төкті. Ғасырдан жеткен ұлттың рухани мұрасы түгенделіп, дәуір жүгін көтеретін тарихи жәдігерлерді қайта тірілді. Мұрағатта жатқан көненің көзіндей архив материалдары сұрыпталып, кейінгі ұрпақтың жадында жаңғырды.

«Ақмешіт апталығы» газетінде атаулы жылда «Қызылорда астана болғанда» айдарымен оқырманға бір ғасыр бұрынғы Қызылорда тарихы туралы мазмұнды мақалалар жарияланып тұрды.



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

31 желтоқсан
сәрсенбі

№100 (2212)

2025 жыл

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ, КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП



Жылан жылы ел үшін табысты жыл болды. Әсіресе Қызылорда қаласы тұрғындарының арманы орындалған жыл десек артық айтқандық емес. Жыл аяқталар тұста Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қала әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен 2025 жылды қорытындылаған мерекелік іс-шара өтті. Шаһар басшысы жылды қорытындылап, қалада атқарылған ауқымды шаралар мен алдағы айқын міндеттерге тоқталды.

2-3-
БЕТТЕРДЕ

«Апталықтың» коллажи

■ БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Жаңа жылда жүздескенше, оқырман!

Санаулы сағаттан соң күнтізбе парағы ауысып, тағы бір жылдың тарих қойнауына енгенін көрсетеді. Ал сіз қазір әдеттегідей жаңа жылға дайындық қарбаласымен жүргеніңізді білеміз.

Таңертең почтальонның есік сыртына газет іліп кеткенін көрсеніз де, бір қарап шығуға немесе шай ішіп отырып оқуға уақытыңыз жоқ. Себебі белгілі, санаулы сағаттан соң Жаңа жыл! Көгілдір экраннан сағат тілінің тырсылы естіліп, түнгі 00-де тағы бір жаңа жылдың басталғанының куәсі болып, қызылды-жасылды оташуларды тамашалап, отбасыңызбен бірге жаңа жылды қарсы алғанға дейін қарбалас сізді басқаға мойын бұрғызбайтыны анық. Дастархан дайындау, түрлі салаттар әзірлеу, үлкендерді құттықтап шығу, қонақ құту секілді бүгінгі күн еншісіндегі ғана қызу қарбалас тірліктің ертеңге қалса еш мәні жоқтай. Шынында, дәл бүгінгідей сезім күні ертен болмайтыны сөзсіз. Ертең асығыс-үсігіс жүріп, бәрине үлгерем деп дастархан жаймайтыныңыз анық. Ертең дәл бүгінгідей толқып, сағат тілінің тырсылына да мән беріп, түнгі 00-ді күтпесіңіз анық. Себебі бұл өтіп бара жатқан жылдың еншісіндегі күннің қарбаласы. Шынында, біз жаңа жылды осыншама ерекше дайындықпен неге күтеді екенбіз? Қашанда әр күннен жақсылық күтер әрбір адамның жаңа жылды үлкен үмітпен, аласармас арман, жақсы тілекпен күтетіні анық. Жаңа жылдан тек жақсылық тілеп, жүрек түкпіріндегі арманы орындалар жыл болсын деп, жақсылықтан үміт үзбеген адамзат баласының осы бір қарбаласында жаңа жылдан жақсылық күткен аппақ ниеті жатыр. Қауырт тірліктен шаршадым деп шағым айтпай, жақын-жуығына ең жақсы деген тілегін, жылы сөзін арнаған кең пейілі оны жақсылыққа асықтыра түскендей. Жылжабар сәтте біз де оқырмандарға үлкен алғысымызды білдіргенді жөн көрдік. Жыл бойы бізбен бірге болып, хат жазған, белсенділік танытқан оқырман қатары аз болған жоқ. Бірі айналасындағы адамдардың жақсы қасиеті, ерекше кәсібі туралы жазса, енді бірі қоғамдағы мәселені көтеріп, белсенділік танытты. Қоғамдағы оқиғаларға бейжай қарамайтын белсенді оқырмандарға ризашылығымызды білдіреміз. «Ақмешіт апталығы» газетінің 100-інші санымен аяқтап, 3978 оқырманмен жылды қорытындыладық. Жаңа жылдан біздің жақсылықтан үмітіміз бар. Келер жылы да оқырман саны бұдан көбеймесе, азаймайды деп ойлаймыз. Ендеше, жаңа жылда жүздескенше, оқырман! Келер жылдың алғашқы нөмірін асыға күтіп, «газет қашан келеді?» деп қонқырау шапқаныңыздың өзі біз үшін бір бақыт. Себебі газет оқырманымен ғана мәңгі жасайды. Жаңа жыл құтты болсын!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

● ЖЫЛ ОҚЫРМАНЫ

Қарамай дауылға да, жауынға да...

Шынында, ол кісі шабыттанса, жауынға да, дауылға да қарамайды. Автобуска мініп алып, редакция қайдасын деп тартып отырады. Ертелетіп келетіні тағы бар. Бізді есіктің алдынан күтіп алады. «Аға, ертелетіп келіп қалыпсыз ғой» дейміз мұндайда. «Кеше шатпақтап мынаны жазып едім» деп күлімсірей, қолындағы шыршықтай бүктеген қағазын жаза түседі. Біз айтып отырған Қазыбек Әшірбекұлы ағамыз тек «Ақмешіт апталығы» газетінің ғана емес, барлық қазақ газетінің жанашыры, тұрақты оқырманы десек, артық айтқандық емес. «Ақмешіт апталығы» газеті ашылған жылдардан бастап «Қуақы» бетін жүргізіп, сатиралық шығармаларымен танылып, әлі күнге дейін қағымталарымен қоғамның қисығын түзеп келеді. Алты ай сайын зейнетақысынан газет-журналға жазылуы ұмытпайтын, әр нөмірді асыға күтіп оқытын, ұнаған жерін қойын дәптеріне түртіп алатын газет жанашыры келер жылы сексенінші сенгіріне шығады екен. Қазыбек ағаның шығармашылығы туралы алдағы уақытта кеңінен жаза жатармыз. Жыл аяқталар тұста оның газетке, ана тіліне деген жанашырлығын айтымыз келді. Жауынға да, дауылға да қарамай, жаза беріңіз, аға!



ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ,



Ұлттық құрылтай – ұлыс істердің бастамашысы

– Баршанызды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Санаулы сәттерден кейін 2025 жылды артта қалдырып, жаңа жылға қадам басқалы тұрмыз. «Ер жігіттің арына, қазақ халқының жан серігіне» баланған алдағы Жылқы жылы құт әкелсін! Баршаға аян, әлемдегі геосаяси ахуалдың күрделі болғанына қарамастан Жылан жылы мемлекетіміз үшін жемісті болды. Биылғы жыл еліміздегі соңғы уақыттарда қабылданған саяси реформалардың жүзеге асырылуымен есте қалды. Хан Абылай тағына мінген Көкше төрінде ұлт рухын көтерер Ұлттық құрылтайдың төртінші бас қосуы өтті.

Алқалы жылында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толуда. Осы ретте, Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын» – деген болатын.

Тағдыршешті мәселе көтерілетін Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысы Сырдың бас шаһарында белгіленіп отыр. Бұл біз үшін зор мәртебе, үлкен жауапкершілік!

Өздеріңіз жақсы білесіздер, биыл Алты Алаштың анасы атанған – Қызылорданың астана мәртебесін иеленген 100 жылдық торқалы тойы жоғары деңгейде аталып өтілді. Жүз жылдық тарихы, тәуелсіздігіміздің тамаша тартуы, қуанышты кезеңде мән-мазмұнға толы іс-шаралар легімен қамтыдық. Сыр өңірі бұл мерейтойға толымды табыспен келді. Ірі инвестициялық жобалар нәтижесін беріп, әлеуметтік нысандар ел игілігіне табысталды. Өндіріс орындары бірінен соң бірі ашылып, тұрғындардың өмір сүру сапасы артты, – деді қала әкімі.

Президент оң баға берді

Биылғы жылдың басты оқиғасы Сыр өңіріне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев іс-сапармен келді. Мемлекет басшысы аймақтағы атқарылған жұмыстарға оң баға берді. Бұдан бөлек, қаламызда жоғары деңгейде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, Сыр өлкесінің даму қарқынымен танысуға, халықаралық деңгейдегі форумдар мен түрлі семинарларға қатысуға әр өңірден делегациялар ат басын бұрып, шаһарымызда қонақ болды. Соның ішінде халықаралық «Урбан Фест – 2025» және «Аналар» форумы, мәслихат төрағалары мен облыс әкімдерінің орынбасарлары бас қосқан жиындар, Абай мен Жамбыл облыстары делегациясының сапарлары, республикалық Ардагерлер кеңесінің көшпелі мәжілісі сияқты ірі шаралар өтті. Аталған іс-шараларда өңірдің бүгінгі мен болашағын саралады. Келген мәртебелі меймандар қасиетті өңірдің қадамына тілектестіктерін білдірді.

– Ел Президенті Сыр өңіріне жасаған сапарында Қызылорданың даму қарқынына көңілі толды. Облыс әкімінің қажырлы қызметіне оң бағасын берді. Біріксек бітпейтін, ұйымдасқан ұтпайтын тірлік жок. Бұдан да ауыр, бұдан да жауапты кезеңдерде мойымай, бар қиындықты абыроймен еңсерген ел-жұртымыз барда

келешегіміздің кемел болары анық. Ел Президенті мен Үкіметтің тұрақты қолдауы, аймақ басшысының үйлестіруімен жетер жетістіктеріміз әлі алда деп білемін. Оның нақты дәлелі – барлық салада оң динамика қалыптасып, өсім еселене түсуде, – деді қала әкімі Н.Ахатов.

Жоспарланған қаржы толық игерілді

2025 жылдың ішінде қалада инфрақұрылым дамып, бірқатар жұмыс атқарылды. Бөлінген қаржылар ел игілігіне жұмсалды. Байыпты бастамалар, жарқын жобалар жүзеге асты. Нақты айтар болсақ, облыс бюджеті 3 жылда 364 млрд теңгеден 851,3 млрд теңгеге дейін өсті. Қала бюджеті жыл басында 73 млрд. 300 мың теңгемем бекітіліп, бүгінде 154 млрд 200 млн теңгеге жетіп, екі есеге артқан. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 357 млрд 200 млн теңгені құрап, 126,1 пайызды мөлшерлеген.

– Құрылыс жұмыстарының көлемі 161,1 млрд теңгені межелеп, 122,6 пайызға өсті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнім көлемі 16,1 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 100,3 пайызға артты. Бөлшек сауда көлемі 439,8 млрд теңгені құрап, 102,6 пайызға көтерілді. Өнеркәсіп саласында 497,8 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Оның ішінде өңдеу саласында айтарлықтай өсім бар деп айтуға болады. Яғни, бұл бағыт бойынша 97,5 млрд теңгенің өнімі шығарылды.

Биыл құны 20,2 млрд теңгеге облыс орталығындағы жеке кәсіпкерліктің 799 жобасы қаржыландырылды. Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 323,6 млн теңгеге 42 жоба жүзеге асты. Сырдарияның сол жағалауынан жалпы құны 1 млрд теңгеден асатын 2 шағын өнеркәсіптік аймақ құрылды.

Нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 36 мыңнан асты. Шағын және орта кәсіпкерлікпен 374 млрд теңгенің өнімі өндірілді. 2024-2025 жылдары экономиканың барлық саласында 25385 азамат жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етілді, – деді қала әкімі.

Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау – негізгі міндет

Аймақ басшысының қолдауымен Сырдың бас шаһарын дамытуда, оның ішінде тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыруда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, мәдени орталықтар мен демалыс орындарын салу және қайта жаңғырту қарқынды жүргізілуде. Халықтың сапалы өмір сүруі үшін әлеуметтік мәселелерді шешу бірінші орында екені анық. Биыл да тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу бағытында тиісті шаралар қабылданды. Осы тұрғыда таза ауызсу, тұрғындарды ыстық сумен қамту жұмысы кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

– Өмірі Сырдария өзенімен өзектес өңірде биыл аяқ судың тапшылығы ерекше сезілді. Мемлекет басшысының сапары барысында да диқандарымыз

осы мәселені көтерген болатын. Соған қарамастан аймақ басшысының ұтымды ұйымдастыруымен қажетті шаралар қолға алынып, аграрлық саланың берекесі бәсеңдеген жоқ. 8041 гектар жерге орналастырылған ауыл шаруашылығы дақылдары мерзімінде толық жиналды. Негізгі дақыл күріш 3354 гектарға егілді. Оның әр гектарынан 52 центнерден өнім алынды. Келер жылы да диқандар қауымына қолдаулар жалғасады. Тек, әрбір тамшы судың қалірін біліп, тиімді технологияларды ертерек енгізуіміз керек. Сапалы инфрақұрылым – халықтың өмір сүру сапасын арттыратын сөзсіз. Ол үшін тиісті шаралар қабылданып, бірқатар жоба жүзеге асырылды. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында жалпы құны 2,7 млрд теңгеге жаңа қоныстанған аумақтарға электр желілері тартылып, тозығы жеткендері қайта жаңғыртылды. Шет аймақтар мен шаһардың өзінде қыруар шаруа атқарылып, электр желілерінің тозу деңгейі 57 пайызға төмендеді. Тәуелсіздік жылдарында ешбір өңірде жылу электр орталықтары салынбай, тозығы жеткен нысандар шама-шарқынша жұмыс істеп келді. Тіпті кейбір аймақтарда апатты жағдайлар орын алып, тұрғындар қиындықтарға тап болды. Осындай ахуалдардың алдын алған облыс әкімі алғашқылардың бірі болып жылу электр орталығын салуға мүмкіндік жасады. Мемлекет басшысының қолдауымен, «Акса Энерджи» түрік компаниясының инвестициясымен, құны 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығы салынды. Бұл нысан жұмысын бастап кетті. Тағы бір табысты іс – Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтыла бастады. Шаһарымыздағы 623 көпқабатты тұрғын үй ыстық суға қосылуға мүмкіндік алды. Жоба құны 26 млрд 200 млн теңге. Өткен жылы көпқабатты тұрғын үйлердің 50 пайызын ыстық сумен жабдықтау үшін құрылыс жұмыстары жүргізілді. Биыл берекелі бастама жалғасып, жоба аяқталу кезеңіне жетті. Осындай іргелі шаруамен қатар, «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 6,3 млрд теңгені құрайтын 15 жоба жүзеге асырылуда. Жалпы алғанда, Қызылорда – 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамтылған қалалардың бірі. Тұрғындарды күнделікті тұтынатын тауармен қамту – басты міндетіміз. Бұл тұрғыда газ желісі жетпеген елді мекендерге және қала аумағында қалып қойған аумақтарға көгілдір отын тартуға 3,5 млрд теңгеден астам қаражат бағытталды. Шаһарға іргелес жатқан «Сабалақ» елді мекені газға қосылып, тұрғындар игілігін көре бастады. Ендігі меже – Қызылөзек ауылдық округіне газ құбырын тарту. Ол үшін құны 1,8 млрд теңгеге жоба әзірленді. Қазір қажетті қаражатты бөлдіру бойынша жұмыс жасаудамыз, – деді қала әкімі.


Жол – іргелі істердің бастамасы

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту – бұл тек қатынасты жақсарту ғана емес, сонымен қатар қаланың экономикалық қарқынын, әлеуметтік келбетін, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды тетігі.

– Аталған бағытта аймақ басшысының қолдауымен жүйелі әрі ауқымды жұмыстар атқарылды. Бөлінген 30 млрд теңгеге жуық қаражатқа көшелердің аясы кеңіп, жақсы жолдардың үлесі артты. Негізгі көшелердің бірі – «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылын жаңғырту екі кезең бойынша жүргізіліп, пайдалануға берілді. Аспалы көпірден бастап Сағымбаев көшесіне дейінгі аралықтағы жол қайта жаңғыртылып, кеңейтілді. Күнделікті тіршіліктің тынымсыз қозғалысы үшін көпірдің маңызы зор. Сол себепті оған аса мән беріледі. Сондықтан біз аспалы көпір аталып кеткен Шиелі бағытындағы автомобиль көпірін қайта жаңғырттық. Қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын «Қызылжарма» каналының үстінен өтетін автожол көпірін салып, іске қостық. Одан бөлек, Әуежай жолындағы үш көпір қайта жаңғыртылып, кеңейтілді. Қызылөзек ауылдық округіндегі «Қожақ» көпірі жаңаланды. Қазіргі таңда Жанқожа батыр көшесі бойымен өтетін теміржол асты өткелінің құрылысы жүруде. Осы орайда айта кеткен жөн, қала орталықтарына ғана емес, кенттер мен ауылдардағы, шет аймақтардағы жолдарға басымдық беріледі. Нақтыласам, қала көшелерін күтіп-ұстау жұмыстары аясында «Бәйтерек», «Шанхай», «Титов», «КБИ», «Саяхат» тұрғын аудандарындағы 35 көшеге асфальт, «Эдельвейс» пен «Ягодка» саяжайларындағы 20-ға жуық көшеге тас төселді. Сондай-ақ көпқабатты үйлердің аулаішілік жолдары жаңартылды. «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы ұзындығы 4 шақырымды құрайтын 7 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынды, – деді қала әкімі.




«Ер жігіттің арына, қазақ халқының жан серігіне» баланған алдағы Жылқы жылы құт әкелсін! Баршаға аян, әлемдегі геосаяси ахуалдың күрделі болғанына қарамастан Жылан жылы мемлекетіміз үшін жемісті болды. Биылғы жыл еліміздегі соңғы уақыттарда қабылданған саяси реформалардың жүзеге асырылуымен есте қалды. Хан Абылай тағына мінген Көкше төрінде ұлт рухын көтерер Ұлттық құрылтайдың төртінші бас қосуы өтті.



ЖЫЛ КӨЗАЙЫМЫ

КІШКЕНТАЙДЫҢ ҮЛКЕНДЕРГЕ ҮЛГІСІ

Қаланың кішкентай тұрғыны Азизхан есімді бүлдіршіннің көшеде шашылған қоқысты арнайы жәшікке салып жатқан видеосы әлеуметтік желіде жарияланып, көпшіліктің көзайымына айналған еді. Тұрғындар баланың бұл әрекетіне сүйсініп, алғысын жаудырды. Ал тазалық сақтауға үлгі болған Азизханды «Қызылорда тазалығы» мекемесінің басшысы ата-анасымен арнайы қабылдап, алғыс білдірді. Баланың бұл әрекеті тәрбие мен жауапкершілікте еді.



КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП



Баспаналы болу бір бақыт

Қалада жылдан-жылға жаңа нысандар салынып, әлеуметтің әлеуеті артып келеді. Құрылысы қарқынды қала көркейіп, көшелер кеңеюде. Бір қуантарлығы, халықты баспанамен қамтуда Сыр өңірі республикада алдыңғы орынға шықты. Яғни, көпқабатты тұрғын үйлерді салу мен сатып алу үшін 30 млрд 711 млн теңге жұмсалып, 1 112 отбасы баспана бақытына кенелуде. Жалғыз баспанасы апатты деп танылып, кезекте тұрған азаматтардың да мәселесі оң шешімін тауып келеді. Өткен жылы аталған санаттағы 135 отбасына пәтер кілті берілді.

— Қала көркі ондағы сәулетті нысандарымен, әрленген көпқабатты үйлерімен қалыптасады. Бұл мақсатта аймақ басшысының қолдауымен күрделі жұмыстар атқарылуда. Биылғы жылдың өзінде облыстық бюджет есебінен 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты үйдің қасбеті жаңаланды. Тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында 20 көпқабатты үйдің ауалары абаттандырылды. Бұл жұмыстарға қалалық бюджет есебінен 1,3 млрд теңге қаралды. Ауқымды бастама аясында 19 футбол, 25 жаттығу, 21 балалар ойын алаңы және 13 демалыс орны салынды. Сонымен қатар сұранысқа сәйкес 34 көпқабатты тұрғын үйдің шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, — деді қала әкімі.

Білім бәйгесінде бәсіміз биік

Білімге салынған инвестиция — болашақ негізі. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» жобасы аясында қаламызда 5 мектеп салынды.

— «Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу — бүгінгі күннің негізгі міндеті». Бұл — Президенттің тапсырмасы. Сондықтан «Сыр жұлдыздары» академиясының салынуының маңызы жоғары. Мұнда тәулігіне 3 мың оқушы қабылдап, қосымша білім беретін мүмкіндік қарастырылған. «Білімді қолдау қоры» арқылы физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей - интернаты ел игілігіне табысталды. Ал құны 4 млрд 800 млн теңгеге музыкалық колледжінің салынуы өңір өнерін өркендетуге кең тыныс ашты. Кәсіптік білім беру және жұмысшы мамандықтарының «Күзгіретілік орталығы» кәсіби шеберлікті шыңдаудың шеберханасы болады. Бұл нысанның да қазір құрылысы салынууда. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің заманауи жаңа ғимаратының пайдалануға берілуі мәдениет пен тарихқа көрсетілген құрметтің белгісі болды, — деді қала әкімі.

Сыр спортында серпін бар

Сонғы жылдары спорттағы жетістіктеріміз орасан. Сырдың сайыпқыран спортшылары қанжығаны толтырып, тақымға қысқан табыстарымен қуантуда. Аймақ басшысы бұл сыйға тарту есебінде бірнеше спорттық нысанды салуға ықпал етті.

— Президентіміздің қолдауымен қаламызда 26 млрд 500 млн теңгеге 11 мың орындық жаңа стадион пайдалануға берілді. Сыр халқы асыға күткен стадион 4 қазан күні футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен ашылды. Дәл осы стадионда «Қала күні» мерекесі аталып, теңдессіз той өтті. Дүбірлі шара естен кетпес таңғажайыптармен қорытындыланды. Қазіргі таңда осы іргелі нысанның жалғасы есебінде аумағы 25 мың шаршы метрді құрайтын, құны 20 млрд 500 млн теңге болатын көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүруде. Кешенде олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары, жүзу бассейні, халықаралық жарыстарды өткізуге арналған 2500 орындық зал қарастырылған, — деді Н.Ахатов.

Құрылысы қарқынды қала

Сырдың бас шаһары құрылыс саласының қарқыны бойынша республикада алдыңғы орындардан көрінді. Атап айтсақ, қалада құны 36 млрд 400 млн теңгеге 300 орындық көпбейінді аурухана орталығы бой көтеруде.

— Облыс орталығында 48 млрд 500 млн теңгеге 200 орындық перинаталдық орталық ғимараты мен 14 млрд 780 млн теңгеге 500 орындық емхананы салуға Үкіметпен тиісті қаулы қабылданды. Жакын күндері құрылыс жұмыстары басталады. Бұдан бөлек, 10 млрд теңгеге 400 орындық емхананың іргетасы

қаланады. Биылғы Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен құны 3 млрд 800 млн теңгені құрайтын жаңадан «Достық үйі» салынды. Бұл нысан жуырда пайдалануға беріледі. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда құрылыс кластеріне айналууда. Облыс әкімінің бастамасымен және үйлестіруімен шілде айында құны 34 млрд 500 млн теңгені құрайтын корейлік «Уиз Ю» компаниясымен тұрмыстық қатты қалдықтар өңдейтін зауыттың құрылысы басталды. Жақында ғана толық автоматтандырылған ең озық технологиялармен жабдықталған өндіріс орны — «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің кірпіш зауыты ашылды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етеді. Жоба аясында өңірімізге қосымша 5 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл өндіріс орындарымен қатар, құны 5 млрд 600 млн теңгеге болатын «Қызылорда нан» зауыты іске қосылып, нан тоқаш, макарон, кондитерлік өнімдерін шығаруда. Тағы бір ілкімді іс — испандық «Рока групп» компаниясымен жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде Үкімет басшысының алдында келісімге қол қойылды. Еліміздегі бұл бағыттағы алғашқы зауыттың құны 44 млрд. теңгеден асады. 300-ге жуық жаңа жұмыс орындары ашылады деп жоспарлануда, — деді қала әкімі.

Тағы бір айта кететін жұмыстың бірі — Сол жағалау тұрғын ауданынан «Сырдария» коммуналдық базары ашылып, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде. Базарларға байланысты мақсатты жоспарлар құрылды. Бүгінде қаламызда «Ескі» және «Жаңа» базар аталып кеткен қос сауда орны қайта жаңғыртудан өтуде. Бұл заман талабы, халық сұранысы. Осы жұмыстар арқылы сауда мәдениетін, санитарлық талаптарды қалыптастырып, тұтынушылық тәртібі енгізіледі.

Тұрғындарды біріктірген акция

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының игілігімен Қызылорда — еліміздегі ең таза қалаға айналып, тұрғындарымыздың тазалық этикасы мен ортақ мүддеге жанашырлық көзқарасы қалыптасты. Осындай бағыт бастамалары мен ынтымаққа ұйысқан халқы бар Алаштың анасы — Сыр елінің сәулеті асып, дәулеті тасыды.

— Биылғы жылы қалалық мәдени және демалыс паркін қайтадан жаңғыртып, салтанатты түрде халық игілігіне табыстадық. Игі іс — «Қорқыт ата» скверінде жалғасып, саябақ қайта түледі. Президент саябағында да күрделі жаңғырту жүргізілуде. Жоспар бойынша аталған аумақтағы нысандарды келер жылдың көктемінде пайдалануға беретін боламыз. Айта кету керек, саябақ ішінде жылдың 4 мезгілінде үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері бой көтеруде. Оған қоса, Ботаникалық білім беру орталығының ғимараты салынууда. Алдағы күндері Президент саябағы мен Астана шағын ауданын байланыстыратын Сырдария өзені үстінен жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы басталады. Ерекше атап өту қажет, Президент саябағында инвестор қаражаты есебінен бес жұлдызды қонақ үйдің құрылысы жүруде, — деді шаһар басшысы.

Қаланың жаңа бас жоспары бекітіледі

— Атқарылған жұмыс, еткен еңбек аз емес. Осы тұста тағы бір жаңалықпен бөлісе кеткенді жөн санап отырмын. Келер жылы Қызылорда қаласының жаңа бас жоспары бекітіледі. Бұл бас жоспарда шаһар іргесіндегі саяжайлар толығымен қамтылып, оларға тұрғын аумақ статусы беріледі. Сол кезде біз жоспарға енген аумақтарға инфрақұрылым жүргізіп, тұрғындардың талап-тілектерін орындайтын боламыз.

Қадірлі жерлестер! Алдымызда айқын міндеттеріміз бен анық жоспарларымыз бар. Келер жылы қаланың, оған қарасты кенттер мен ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған 133 жоба әзірленуде. Бұл жобаларды қаржыландыру үшін республикалық және облыстық бюджеттерге 105 млрд. теңгенің өтінімі ұсынылуда.

Әрбір әлеуетті іс әлеумет үшін жасалады. Яғни, бұл тұрғындардың тұрмыстық өмір сапасын жақсартуға үлкен бетбұрыс десек, біз халықтың игілігі мен жайлы тұрмыс-тіршілігі үшін ауқымды жобаларды өздеріңізбен бірге жүзеге асыра береміз, — деді қала әкімі.



● ЖЫЛ ӨНІМІ

Нан бар жерде ән бар



2025 жылы Қызылорда жұртшылығын қуантқан жағымды жаңалықтың бірі – «Қызылорда Нан» өндірістік кешенінің іске қосылуы. Бұл жоба тек кәсіпкерлік бастама ғана емес, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берген маңызды қадам болмақ.

Зауытқа жақындаған сәттен-ақ жаңа піскен нанның аңқыған иісі тәбетті ашады. Ең маңыздысы, сапалы әрі дәмді өнімдер. Айта кетейік, Қызылорда қаласында алғаш рет нан зауыты 1957 жылы іске қосылып, 1995 жылға дейін тұрғындарды үздіксіз әрі сапалы нан өнімдерімен қамтамасыз етіп келген еді. Араға шамамен отыз жыл салып, заманауи талаптарға сай жаңа өндірістік кешен өз жұмысын бастады.

Жалпы құны 5,6 миллиард теңгені құрайтын бұл жоба – ауқымды кең, маңызы зор өндіріс. Кешен бүгінде тек нан өнімдерін шығарып қана қоймай, халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі таңда мұнда 120 адам еңбек етсе, алдағы уақытта жұмыскерлер саны 170-ке дейін артапак. Кәсіпорынның іске қосылуына мемлекет тарапынан да жан-жақты қолдау көрсетілді. Мұның бәрі отандық кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған нақты әрі нәтижелі шаралар екенін көрсетеді.

Ең бастысы, халықтың көңілі тоқ. Өзіміздің өнім, өзіміздің өндіріс. Сапалы, қолжетімді әрі жергілікті жерде өндірілген нан өнімдеріне сұраныс жоғары.

● ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ

Қазақ спортының жеңісі



Қазақ спорты тағы бір тарихи белесті бағындырды. Қызылордалық балуан, грек-рим күресінің шебері Айдос Сұлтанғали әлем чемпионы атанып, ел мерейін үстем етті. Күллі қазақ жұртшылығын дүр сілкіндірген бұл жаңалықты баршамыз естіп, зор қуанышпен қабылдадық. Ел тариыхына алтын әріпшен жазылған бұл жетістікті назардан тыс қалдыру мүмкін емес еді. Жақында ғана Елордада өткен салтанатты жиында Айдос Сұлтанғали «Жыл спортшысы» номинациясымен марапатталды. Бұл – ұзақ жылғы табандылық пен маңдай тердің өтеуі. Өйткені қазақ елі грек-рим күресінен әлем чемпионатының алтын жүлдесін 26 жыл бойы аңсап келді. Соңғы рет байрақты баскені 1998 жылы Бахтияр Байсейітов бағындырса, араға жылдар салып, бұл тарихи жетістік енді Сырдың перзентіне бұйырды. Хорватияда өткен әлем чемпионатының финалдық белдесуінде Айдос Сұлтанғали өзбекстандық балуан Алишер Ганиевті 9:0 есебімен айқын жеңіп, алтын медальды қанжығасына байлады. Бұл тек спортшының емес, тұтас қазақ спортының жеңісі екені сөзсіз.

Жеңіс елеусіз қалмады. Айдос Сұлтанғалиға аймақ басшысы Сыр елінің атынан алғысын білдіріп, пәтер мен автокөлік кілтін табыс етті.

ЖЫЛ ДҮЛДҮЛІ

Күміс домбыра иесі



Дәуірден жеткен дәстүрлі өнер – баға жетпес рухани байлық. Қанша мың жолдан тұратын терме, дастан, хикаяларды жаттап, сан мақаммен құбылтып, кара домбырамен құйқылжыта орындап, көрермен жүрегіне жеткізу тек хас таланттың қолынан келер қанмен сінген, маңдай термен келген қасиет дер едіміз. Біздің кейіпкеріміз Бексұлтан Орынбасаров «жігітке жеті өнер де аз» деген тәмілге дәлел боларлықтай. Өнер өлкесіне ерте танылған талант иесі қазақтың айтыс өнерін насихаттауға да бет бұрып, өзіндік өлең өрнегімен елдің құрметіне бөленіп жүр. Болашағынан үміт күттірер талант иесі қай жарысқа барса да, жүлдесіз ораламайтынына тәңті боласын. Бексұлтанның «Менің пірім – Сүйінбай» халықаралық ақындар айтысына жолдама алуының өзі талант пен еңбекті ұштастырғанының дәлелі. 2017 жылдан бері қолына кара домбырасын алып, хас жүйріктермен үзеңгі қағыстырған жас ақын бірнеше дүркін республикалық, облыстық, аймақтық айтыстардан бас жүлдемен, жүлделі орындармен оралып, Сыр елінің мерейін асқаттатты. Биылғы жылдың өзінде Шымкент қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Күміс домбыра» айтысының бас жүлдесін еншілеп, «Күміс домбыра» иегері атанды.

Бабадан жеткен тектіліктің төресі жыраулық өнердің шырағын жағып, ел ішінде насихаттап жүрген Бексұлтан жақында ғана республикалық айтыстан I орын иеленіп, айтыс аламының тағы да бір шыңын бағындырды.

Өтіп бара жатқан жыл Сыр өңірі үшін жағымды жаңалыққа толы болды. Жылжабар сәтте елге қызмет етіп жүрген бірқатар азаматтар арасында сауалнама жүргіздік.

1. Өтіп бара жатқан жыл несімен есте қалды?
2. Жаңа жылдық лебіңіз...



Жағыпар ТАЖМАХАНОВ, Қызылорда қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы:

БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ ЖОЛЫНДА ЕҢБЕК ЕТЕ БЕРЕМІЗ

1. 2025 жыл ең алдымен тыныштық пен тұрақтылық жылы деп бағалар едім. Ел басқару ісінде Мемлекет басшысынан бастап, өңір басшыларына дейін бір мақсат, бір мүдде жолында еңбек етті. Бұл өз кезегінде қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, әлеуметтік мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік берді. Қызылорда қаласы да қалыс қалған жоқ. Қала аумағында бірқатар зәулім ғимараттар салынып, жол инфрақұрылымы жақсарып, халыққа қажетті нысандар пайдалануға берілді. Мұның барлығы тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар. Өзіміз жетекшілік ететін салаға келсек, қоғамдық келісімді сақтау, азаматтық қоғам институттарын дамыту бағытында жүйелі жұмыс атқарылды. Әрине, бәрі міңсіз деп айта алмаймын, алайда жауапкершілікті сезіне отырып, қолдан келгенін барлығын жасап келеміз. Елге қызмет ету – үлкен сенім әрі үлкен міндет. Ақ пен кара қатар жүретін өмірде адами құндылықтардан айнымай, қоғамға адал қызмет ету басты қағидатымыз саналмақ. Ел үшін қызмет етуден шаршамаймыз.

2. Келе жатқан жыл – жылқы жылы. Қазақ халқы үшін жылқы – қасиетті, киелі жануар, еркіндіктің, кеңдіктің және тыныштықтың символы. Сондықтан жаңа жыл халқымызға жайлылық пен тұрақтылық әкелсін деп тілеймін. Елімізде ырыс-ынтымақ артып, береке-бірлік нығая түссін. Балалардың күлкісі сынғырлап, аналардың жүзіне қуаныш ұяласын. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ саналы, саликалы, елінің болашағына бейжай қарамайтын азамат болып қалыптассын. Әр шаңырақта амандық пен береке болсын.

Еркін АХЕТОВ, Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі:

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ

1. Биыл біз үшін де, жалпы Қызылорда өңірі үшін де тарихи мәні зор кезең болды деп нық сеніммен айтуға болады. Себебі облыс орталығы ғана емес, ауыл-аймақтар да жан-жақты жаңғыру үдерісінен өтті. Қала келбеті айтарлықтай өзгеріп, аспанмен таласа бой көтерген зәулім ғимараттар салынды. Бұрындары өзге өңірлерге қызыға қараушы едік. Қазір Қызылорда Астанадан кем түспейді. Бұл өзгерістер тек сыртқы көрініспен шектелмей, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталды. Өсіресе, жастар үшін барлық жағдай жасалуда. Білім алуына, спортпен айналысуына, мәдени демалуына мүмкіндік молайды. Ауылдық жерлерде де даму бар. Өсу бар. Бірқатар елді мекендерге газ тартылып, инфрақұрылым мәселелері кезең-кезеңімен шешімін табуда. Соның нәтижесінде ауылдардың әлеуеті артып, қала деңгейіне жақындай түсті. Бұл – мемлекет тарапынан ауылды дамытуға деген нақты қамқорлықтың көрінісі.

2. Келе жатқан жаңа жыл барша елге жақсылығымен келсін деп тілеймін. Жағымды жаңалықтар көп болып, әр шаңырақта береке мен бірлік орнасын. Ербір отбасына амандық, бақыт, ынтымақ тілеймін. Ең бастысы, балаларымыз аман, ұрпағымыз сау болсын. Ел тыныш, жұрт аман болса, алынбайтын асу, бағынбайтын белес жоқ деп білемін.



Мәлдір СМАХАНОВА, № 290 «Келешек мектебінің» директоры:

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІМ

1. Өтіп бара жатқан жыл мен үшін жақсы жаңалықтарымен, мағыналы сәттерімен есте қалды. Ең әуелі бала-шағамыз аман, ел-жұртымыз тыныш. Осындай берекелі ортада өз қызметімізді абыроймен атқарып келеміз. Бұл жылдағы ең есте қаларлық, әрі өмірімдегі ерекше сәттердің бірі – ел Президентінің алдында сөз сөйлеу бақытына ие болуым. Бұл мен үшін үлкен сенім, зор жауапкершілік және ұмытылмас естелік болды. Сонымен қатар мектебіміз түрлі білім бағыттерінде жүлделі орындарға ие болып, ұжымның абыройын асқаттатуы жыл жетістіктерінің бірі саналды. Бірнеше мектепке тәжірибе таратуға, әріптестеріміз бен білім алушылардың әлеуетінің артуына үлес қосуды да менің кәсіби және тәжірибелік өсуімнің айқын көрінісі болды. Ұстаздық жол менің бағымды ашқан жол болды десем, артық айтқандық емес. Қайтадан таңдау берсе, бәлкім осы ұстаздық қызметті таңдайтын едім. Рахмет, саған 2025 жыл!

2. Жаңа жыл баршаға жаңа мүмкіндіктер мен жарқын үміттер сыйласын. Әр отбасына амандық, молшылық пен береке тілеймін. Ұстаздар қауымына шығармашылық шабыт, шәкірттерімізге биік мақсат пен үлкен жетістіктер нәсіп болсын.

Алдағы жылда да бірлік пен ынтымақтың арқасында ел болашағы үшін аянбай еңбек етіп, білім саласында тың табыстарға жете берейік. Жаңа жыл баршамызға құтты, берекелі болсын!

Әсел АБЗАЛҚЫЗЫ, Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ БАҚ-пен жұмыс істеу секторының басшысы:

ІЗДЕНІСКЕ ТОЛЫ ЖЫЛ БОЛДЫ

1. Әр жыл адамға өз сабағын, өз сыйын ала келеді. Мен үшін 2025 жыл кәсіби тұрғыдан да, адами тұрғыдан да берекелі, мәнді жылдардың бірі болды. Жеке өмірде де тыныштық пен тұрақтылық бар, отбасы аман, бала-шаға өсіп-өніп келеді. Осындай кезде еңбегің де еңселі, ойың да орнықты болатыны рас. Биыл атқарылған жұмыстарға шолу жасайтын болсам, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында облыстық ҚХА жанындағы Журналистер клубының жұмысы жаңа бір белеске көтерілді. Бұл жыл – сөзден іске көшкен, жоспарларымыз нақты жобаларға айналған кезең болды. «Ассамблея айнасы» жобасы аясында өткен «Two Stars» («Екі жұлдыз») ән байқауы журналистерді басқа қырынан танытты. Қалам ұстаған әріптестеріміздің өнерге жақындығы, сахнадағы еркіндігі көрерменге де, өзімізге де ерекше әсер сыйлады. Байқаудың жоғары бағаланып, республикалық деңгейде өткізу туралы ұсыныс түсуі ортақ еңбектің жемісі деп білемін. Сондай-ақ «Қуатты қаламгер» табиғат аясындағы тимбилдинг шарасы шығармашылық ортаға тың тыныс әкелді. Еркін форматтағы жүздесулер, ашық әңгімелер жаңа идеялардың тууына, кәсіби байланыстың нығаюына жол ашты. Ал «Достық Live» шағын футбол турнирі журналистерді бір алаңға жинап, тек спорттық жарыс қана емес, шынайы достық пен бірліктің белгісіне айналды. Осы бастамалардың барлығы «Бізді біріктірген шаңырақ» MEDIA-FEST 2025 фестивалінде қорытындыланды. Бұл іс-шара бір жыл бойғы еңбектің, ізденістің, ортақ мақсаттың нәтижесін айқын көрсеткен тағылымды алаң болды. Жалпы 2025 жыл ізденіске толы жыл болды.

2. Жаңа жыл қарсаңында барша қызылордалықтарды шын жүрекпен құттықтаймын. Әр отбасыға амандық, денсаулық, береке-бірлік тілеймін. Жүздеріңізден күлкі, дастарханларыңыздан ырыс кетпесін. Өңірімізде татулық пен тұрақтылық сақталып, ел игілігіне арналған жақсы істер жалғасын таба берсін. Жаңа жыл әр жүрекке үміт, әр күнге жарық ой, әр қадамға сенім сыйласын. Барға шүкіршілік етіп, келер күнге үмітпен қарайтын жыл болсын!

Сауалнаманы жүргізген Айдана БАХТИЯР

● ЖЫЛ САЛЫҒЫ

Кім төлейді, кім төлемейді?

Биыл кәсіби Kaspi арқылы жүргізген кәсіпкердің көңілі күтті. «Банк картасына түскен ақшаға салық салына ма? Kaspi қосымшасы арқылы ақша төлеуге бола ма?» деген сауал жыл бойы ел арасында жиі талқыланды. Бұрын банк карталары төлем жасаудың ыңғайлы жолы болса, енді картаға түскен қаражат салық органдарының назарын аударуы мүмкін. Дегенмен жеке тұлғаның шотына түскен ақшаға салық салынбайды. Тек жүйелі түрде бір көзден аударылған, тұрақты түсімдер ғана кәсіпкерлік ретінде бағалануы мүмкін. Салық кеңесшісі Айдар Масатбаевтың айтуынша, 100 жеке тұлғадан 300-400 аударым түссе салық органдары камералдық тексеру жүргізеді. Ескеретін жайт, отбасылық аударымдар, қарыз қайтарымдары есепке алынбайды. 100 түрлі адамнан түскен қаражат ғана салық органының назарын аударады.

● ЖЫЛ МАМАНЫ

Еңбекке құрмет көрсеткен жыл

Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған еді. Биыл жұмысшылар үшін берекелі жыл болды десек артық айтқанымыз емес. «Отбасы» банк «Наурыз жұмыскер» бағдарламасын іске қосып, ел бойынша 2000-ға жуық жұмысшы баспана алды. Сыр өңірінде де көптеген азамат жеңілдетілген несие арқылы баспаналы болды.

● ЖЫЛ ҚУАНЫШЫ

Жанкүйерлер мақтанышы – жаңа стадион

Өтіп бара жатқан жыл Сыр өңірі үшін жағымды жаңалықтарға толы болды. Жыл бойы зәулім үйлер, оқу орталықтары, спорт нысандары, өлкетану музейі ашылды. Солардың ішінде ең елеулі оқиға ретінде есте қалғаны қаладағы 11 мың орындық «Қайсар арена» стадионының ашылуы. Сол жағалауда орын тепкен спорт кешені UEFA IV санатына сай деп танылды. Аймақтың спорт жанкүйерлерінің мақтанышына айналған «Қайсар арена» футболмен қатар, күрес, гимнастика, таэквондо және ауыр атлетика сынды спорт залдарымен қамтылған. UEFA ның жоғарғы категориясын алған стадион тек облыстық емес республикалық және халықаралық турнирлерді өткізуге мүмкіндік алды. Бұл жергілікті жанкүйерлерге халықаралық футболды тамалашуға жол ашты.

Спорттық, мәдени және экономикалық белсенді өңірге айналған қалаға жаңа стадион туристер тартуға, спорт мәдениетінің дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Газеттің келесі саны 2026 жылдың 6 қаңтары, сейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978

Тансырыс №2224

Нөмірдің кезекші редакторы Дүкен КЕҢШІЛІК